№1 Хромтау орта мектебінде өткізілген
«Қамқоршылық кеңес» отырысының

## ХАТТАМАСЫ № 4

Өтілген күні:12.12.2022
№ 1 Хромтау орта мектебі

Қатысқаны: 10

Күн тәртібінде :

1.«Қауіпсіз мектеп және бала»
2. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу.
3. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері
4.Аз қамтылған отбасы балаларының жаңа –жылдық шыршаға толықтай қатысуын қамтамасыз ету.

**Бірінші және екіншімәселе бойынша**:директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.М.Жақсылық сөз алып: Бала қауіпсіздігі -басты назарда екендігін айта келе,қауіпсіздікті сақтау барысында өтілген жұмыстарға тоқталды. Оқушыларға қауіпсіздік туралы кеңінен түсіндірілді.1-4 оқушылар арасында «Қауіпсіз мектеп» тақырыбында сурет байқауы,5-9 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережесін білемізбе?»тақырыбында ПБ мамандарымен кездесулер ұйымдастырылды.1-11 сынып оқушыларына «Қауіпсіз жол жүрісі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.Ата-аналар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып қауіпсіздік жайлы түсінік жұмыстары жүргізілді.Бейнероліктер,презентациялар көрсетілді.Сонымен қатар оқу жылы басында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу бойынша жұмыс жоспары жасалынып,бекітілді.7-11класс оқушылары үшін тақырып аясында дөңгелек үстел,дәріс сабақтар, тәрбие сағаттары өтілуде.Кешкі мезгілде оқушылардың көшеде жүрмеуін болдырмау мақсатында рейд жұмыстары жүргізілді.Рейд барысында оқыс оқиғалар орын алған жоқ. Дегенмен ата-аналарға түнгі уақытта,беймезгіл балаларды көшеге жібермеу керектігі ескертіліп айтылады.

**Үшінші мәселе бойынша**: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.М.Жақсылық сөз алып,оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру үшін түрлі үйірмелердің жұмыс жасап жатқандығы туралы және мектеп оқушыларының 80 пайызы үйірмемен қамтылғандығы туралы айтып өтті.

**Төртінші мәселе бойынша**:әлеуметтік педагог Нұрадинова І.Д.сөз алып,алда үлкен мереке Жаңа жыл мерекесі келе жатыр соған орай мектебіміздің мүмкіндігі шектеулі,аз қамтылған,көп балалы оқушыларды анықтап сұранысы жіберілді.Көп балалы,аз қамтылған отбасы балаларына жаңа жылдық сыйлықтарға демеуші іздеп, жаңа жылдық сыйлықтармен қамтамасыз ету керек екенін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.

**Шешімі:**

1. «Қауіпсіз мектеп және бала» оқушылардың қауіпсіздігін ата-аналармен байланыс жасай отырып,нығайту.
2. Құқықбұзушылықтың алдын -алу үшін атқарылатын жұмыстар жандандырылсын.
3. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін үйірме жұмыстары күшейтілсін.
4. Көп балалы отбасы,аз қамтылған отбасының балалары жаңа жылдық сыйлықтармен қамтамасыз етілсін.
5.

Кеңес төрағасы: Бейгельдина Г.М.
Хатшы: Бахыткерей С.

Кеңес мүшелері: Махмудова Г. К.
Баймагамбетова Д. С.
Нуржанов Е.Р.
Жанибатырова Р. М.
Баймагамбетов Н. Т.
Бисекеев Б. С.
Битимбаева Р.А.
Алексеенко Н.